

Азаматтарға еңбекке жарамсыздық парақтарын беру ережесі

Жалпы ережелер

- ✓ Еңбекке жарамсыздық жалпы сырқаттануға байланысты (жарақат алуға, жүктілікті жасанды жолмен тоқтатуға, карантинге, туберкулезбен немесе кәсіби аурумен сырқаттануға байланысты басқа жұмысқа уақытша ауысу кезінде) және заңнамада белгіленген өзге де жағдайларда еңбекке жарамсыздық парағымен куәландырылады.
- ✓ Еңбекке жарамсыздық парағы - еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыратын құжат, жұмыстан босату және еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жүктілігі мен босануы бойынша, әлеуметтік жәрдем ақы, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) әлеуметтік жәрдем ақы алу үшін негіз болып табылады.

- ❖ Еңбекке жарамсыздық парақтары кез келген жұмыста істейтін адамдарға беріледі. Жұмыстан босатылған адамдарға еңбекке жарамсыздық парақтары берілмейді.
- ❖ Азаматтарға еңбекке жарамсыздық парағын оны беруге құқығы бар емдеу-алдын алу ұйымдары береді.
Жеке медициналық практикамен айналысатын Заңды тұлғаларға еңбекке жарамсыздық парақтарын беру құқығы тек медициналық және дәрігерлік қызметпен айналысуға лицензиясының ішінде еңбекке жарамдылық сараптамасы болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.
- ❖ Еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын беруге рұқсатты республикалық медициналық ұйымдар үшін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органы, тиісті аумақтың жергілікті медициналық ұйымдары үшін аумақтық денсаулық сақтау органдары береді.

- ❖ Емдеуші дәрігерлер жоқ жерлерде еңбекке жарамсыздық парақтарын беру құқығы аумақтық денсаулық сақтау органының еңбекке жарамсыздық парағын беруге болатын қызметкерлердің тізімі мен мерзімдері белгіленетін бұйрығына сәйкес орта медициналық қызметкерге берілуі мүмкін.
- ❖ Жедел медициналық жәрдем станциялары (бөлімшелері), ауруханалардың қабылдау бөлімшелері, қан орталықтары, сот-медициналық сараптау ұйымдары, санаторий-курорт ұйымдары, бальнеологиялық балшықпен емдеу орындары, демалыс үйлері, туристік базалар, санэпидқадағалау ұйымдары медициналық қызметкерлерінің еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын беруге құқығы жоқ.
- ❖ Еңбекке жарамсыздық парағын дәрігер пациентті жеке қарағаннан кейін береді, ұзартады, жабады және медициналық құжаттамадағы жұмыстан уақытша босатуды негіздейтін жазбамен расталады.

❖ Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын дәрігер аурудың нысандары және еңбекке жарамсыздық түрлері бойынша оларды жабу кезінде толтырады.

❖ Еңбекке жарамсыздық парақтары қатаң есептілік құжаттары болып табылады және осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 513 бұйрығымен.

❖ Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасының жай-күйін бақылауды Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органы және денсаулық сақтау аумақтық органдары жүзеге асырады. Емдеу-алдын алу ұйымдарында жоғарыда аталған бақылауды бас дәрігерлер, олардың орынбасарлары және бөлімшелердің меңгерушілері жүзеге асырады.

. Еңбекке жарамсыздық парақтарын беру

- ❖ Еңбекке жарамсыздық парақтары қатты науқастанғанда немесе созылмалы сырқаттар асқынғанда, жарақаттанғанда және науқастың еңбек етуге (оқуға) мүмкіндігі болмаған өзге де халінде, жұмыс істеуге болмағанда немесе емдеуге кедергі жасағанда беріледі.
- ❖ Жалпы сырқаттануына заңнамада белгіленген өзге де жағдайларға байланысты еңбекке жарамсыздық парағы еңбек ету қабілеті қалпына келтірілгенге дейінгі немесе медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясы (МӘСК) мүгедектікті анықтағанға дейінгі бүкіл кезеңге беріледі.

Амбулаториялық-емханалық ұйымдарда еңбекке жарамсыздық парағы еңбекке жарамсыздық анықталған күні беріледі.

Емдеуші дәрігердің еңбекке жарамсыздық парағын 3 күннен аспайтын бір жолғы мерзімге (халықтың тұмаумен көп ауыратын кезеңінде де Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органының бұйрығы бойынша 6 күнге), ал сырқаттың немесе жарақаттың осы жағдайы бойынша жалпы жиыны 6 күннен аспайтын мерзімге беруге құқығы бар. Еңбекке жарамсыздық парағын еңбекке жарамсыз болып қалғаннан кейін 6 күннен артық уақытқа ұзартуды және одан кейінгі кез келген ұзартуды емдеуші дәрігер бөлімше меңгерушісімен бірлесіп немесе дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) төрағасымен, не бас дәрігермен, бас дәрігердің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасарымен бірлесіп жасайды. Ұзаққа созылған науқас кезінде мұндай байқаулар кемінде 10 күнде бір рет жүргізілуге тиіс.

❖ Еңбекке жарамсыздық

парағы заңнамада жарамсыздықтың мейлінше ұзақ мерзімі белгіленетін кезден басқа жағдайларда екі айдан көп емес мерзімге беріледі.

- ❖ Бір дәрігері бар емдеу-алдын алу ұйымдарында (селолық жерлерде, шалғайдағы аудандарда, т.б.) еңбекке жарамсыздық парақтарын еңбекке жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне жалпы негізде өз бетінше беруге және ұзартуға құқық беріледі, бірақ орталық аудандық аурухананың тиісті маманымен міндетті түрде кеңесуге тиіс.

Мұндай емдеу-алдын алу ұйымдарының тізбесін аумақтық денсаулық сақтау органдары белгілейді

- ❖ Туберкулез, жүйке және тері-венерологиялық аурулары кезінде еңбекке жарамсыздық парақтарын тиісті мамандандырылған емдеу ұйымдарының (кабинеттердің, бөлімшелердің) дәрігерлері береді. Осы аурулармен ауырған науқастар жалпы бейіндегі емдеу-алдын алу ұйымдарына келгенде дәрігер еңбекке жарамсыздық парағын 3 күнге дейінгі мерзімде бере алады және кейіннен науқасты мамандандырылған емдеу ұйымына (кабинет, бөлімше) міндетті түрде жібереді.
- ❖ Стационарлық емдеу кезінде (күндізгі стационарларды қоса алғанда) еңбекке жарамсыздық парағын науқас шыққан күні емдеуші дәрігер бөлімшенің меңгерушісімен бірлесіп (басқа жерден келгендерге - бас дәрігердің қолы қойылады) стационарлық емдеудің бүкіл кезеңіне береді.

❖ Егер стационардан шығаратын кезде науқастың еңбек ету қабілеті толық қалпына келтірілсе, еңбекке жарамсыздық парағы шыққан күнмен жабылады. Еңбекке жарамсыздығы жалғасқан науқастарға еңбекке жарамсыздық парағы амбулаториялық-емханалық ұйымға келу үшін немесе дәрігерді үйге шақыру үшін қажетті мерзімге, басқа жерден келген науқастар және т.б. үшін қайтар жолға ұзартады, бірақ ол 4 күннен аспауы тиіс. Еңбекке жарамсыздық парағын одан әрі ұзартуды, жабуды науқасты бақылауды одан әрі жүзеге асыратын амбулаториялық-емханалық ұйым жүргізеді.

❖ Ұзақ ауыратын адамдар осы Ереженің 21, 22, 23-тармақтарында көзделген жағдайлардан басқа жүктілік пен босануы бойынша демалыста болу уақытын есептемегендегі белгілі бір ауру бойынша еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап 4 айдан кешіктірмей 12 айдың ішінде МӘСК-ке куәландыруға жіберіледі.

- ❖ Қолайсыз клиникалық және еңбек болжамы бар науқастар мүгедектік белгілері болғанда еңбекке уақытша жарамсыздық мерзіміне қарамастан, яғни көрсетілген мерзімдерден бұрын МӘСК-ке куәландыруға жіберіледі.
- ❖ Туберкулезбен сырқаттану салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайында науқастар еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап 8 айдан кешіктірмей куәландыру үшін МӘСК-ке жіберіледі. Қолайлы клиникалық еңбек болжамы жағдайында еңбекке уақытша жарамсыздық парағы туберкулезбен алғаш рет ауырған адамдарға белгіленген тәртіппен 10 айға дейін ұзартылады.
- ❖ Егер МӘСК-нің қорытындысы бойынша науқасты мүгедек деп есептеуге негіз жоқ болса және ол еңбекке жарамсыз болып қала берсе, онда еңбекке жарамсыздық парағы ДКК арқылы ұзартылуға жатады, бірақ ол 2 айдан аспауы тиіс.

Мүгедек деп танылған адамдарға еңбекке жарамсыздық парағы мүгедектік тобы белгіленген күннен бастап (МӘСК-те куәландыру үшін қажетті құжаттардың түскен күні) жабылады. Науқас дәлелді себептерсіз МӘСК-ке уақытында келмеген жағдайда, еңбекке жарамсыздық парағында режимнің бұзылғаны туралы белгі соғылады, өтіп кеткен күндер "Жұмыстан босату" бағанына енгізілмейді және науқастың МӘСК-ке келген күні мүгедектікті белгілеу күні болып табылады.

Денсаулығы нашарлаған жағдайда жұмыс істейтін мүгедектер еңбекке жарамсыздық күнінен бастап 2 айдан кешіктірілмей МӘСК-ке жіберіледі.

❖ Туберкулездің немесе кәсіптік сырқаттың салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайында науқас өзінің негізгі жұмысы бойынша еңбекке жарамсыз болып, бірақ басқа жұмысты денсаулығына зиян келтірмей және емделудің қалыпты барысын бұзбай орындай алатын болса, 2 айдан аспайтын мерзімге еңбекке жарамсыздық парағын бере отырып, басқа жұмысқа ауыстыру ресімделуі тиіс. Еңбекке жарамсыздық парағында емдеу ұйымы бас дәрігерінің қолымен белгіленген ауыстыру туралы белгі соғылады. Осы тармақтарда көрсетілмеген өзге сырқаттарға байланысты жұмысшыны немесе қызметшіні денсаулық жағдайы бойынша басқа жұмысқа ауыстыру қажет болғанда еңбекке жарамсыздық парағы берілмейді, дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы ресімделеді.

❖ Жарақаттану жағдайында еңбекке жарамсыздық парағы еңбекке жарамсыздықтың бірінші күнінен бастап беріледі және осы ережеге сәйкес ұзартылады.

● Алкогольден немесе есірткіден мас болу күйінде алған жарақаттану кезінде, сондай-ақ алкогольден немесе есірткіден қатты уланғанда, зардап шегуші өз бетімен жұмыс берушінің мүддесімен байланысты емес жұмысты орындау кезінде, өзінің денсаулығына әдейі (қасақана) зиян келтіру нәтижесінде немесе зардап шегуші қылмыс жасаған кезде (соттың үкімімен анықталған), еңбекке жарамсыздықтың парағы берілмейді.

● 23. Басқа бұзылулармен немесе сырқаттармен асқынбаған созылмалы маскүнемдікті, нашақорлықты емдеу кезінде еңбекке жарамсыздық парағымен куәландырылмайды. Егер осы кезеңде сырқат немесе жарақат пайда болып, еңбекке уақытша жарамсыздық басталса және маскүнемдікті (нашақорлықты) емдеуді тоқтату талап етілсе, еңбекке уақытша жарамсыздық жалпы тәртіппен куәландырылады. Созылмалы маскүнемдік (нашақорлық) еңбек ету қабілетін бұзатын басқа сырқаттармен және хал-жағдайлармен асқынған жағдайда еңбекке жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне жалпы тәртіппен еңбекке уақытша жарамсыздық парағы беріледі.

❖ Амбулаториялық жолмен немесе стационарда тексеруден өтетін еңбекке жарамды адамдарға еңбекке жарамсыздық парағы берілмейді. Еңбекке жарамды адамдарға емдеу шаралары еңбекке жарамсыздық парақтарынсыз жүргізіледі.

❖ Денсаулық сақтау пункттерінде еңбекке жарамсыздық парағын 3 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге тек дәрігер береді. Денсаулық сақтау пунктінің фельдшері (медициналық бике, акушер) еңбекке жарамсыз адамды еңбекке уақытша жарамсыздық парағын бермей, тек ауысымның аяғына дейін жұмыстан босата алады. Науқас жіберілген дәрігер еңбекке жарамсыздық парағын береді. Егер дәрігер науқасты еңбекке жарамды деп таныса, еңбекке жарамсыздық парағы тек фельдшердің жұмыстан босатқан сағаттарына ғана беріледі.



❖ Кешкі немесе түнгі уақытта (амбулаториялық-емханалық ұйымның жұмысы аяқталғаннан кейін) ауырған және жедел медициналық жәрдем көрсетілген адамдарға еңбекке жарамсыздық парағы егер науқас еңбекке жарамсыз деп танылса, ДКК-нің шешімі бойынша келесі күні (қажет болған жағдайда жедел медициналық жәрдем бригадасының шыққан күнін есепке ала отырып) берілуі мүмкін.

❖ Мінез-құлқын бақылай алмаушылыққа жеткен жүйке ауруы кезінде, егер науқас жедел медициналық жәрдемге уақытылы жүгінбесе психоневрологиялық диспансер ДКК-сының (психиатр-дәрігер бас дәрігермен бірлесіп) қорытындысы бойынша еңбекке жарамсыздық парағы өткен күндерге берілуі мүмкін.

Жүйке ауруымен ауыратын жұмыс істейтін адамдарға мәжбүрлеп емдеу кезеңінде еңбекке жарамсыздық парағы жалпы тәртіппен беріледі. Сот-психиатриялық сараптама стационарда емделу қажеттігін анықтаған жүйке ауруымен ауыратын адамдарға еңбекке жарамсыздық парағы науқастың сараптамаға түскен күнінен бастап беріледі.

❖ Тұрақты тұратын мекенінен тыс жердегі, оның ішінде республикадан тыс жердегі емдеу-алдын алу ұйымдарына белгіленген тәртіппен жіберілген адамдарға, еңбекке жарамсыздық парағын ДКК жол жүруге қажетті күндерге береді.

Осы еңбекке жарамсыздық парағын ұзарту науқас жіберілген емдеу ұйымында жалпы тәртіппен жүргізіледі. Егер науқас Қазақстан Республикасынан тыс жерге жіберілсе, еңбекке жарамсыздық парағын түпкілікті ресімдеуді ол қайтып келген кезде басқа елде консультация алғаны (емделгені) туралы құжаттардың негізінде ДКК жүргізеді.

❖ Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде болған кезеңінде ауырғанын, жарақат алғанын куәландыратын құжаттарды оларға қызмет көрсететін жердегі емдеу-алдын алу ұйымының ДКК-сі еңбекке жарамсыздық парақтарына ауыстырады. Құжаттардың растығына күмәнданған жағдайда бұл құжаттар олар болған елдің консулдығында міндетті түрде зандастырылуы тиіс, ал еңбекке жарамсыздық парағына айырбастау мәселесін жоғары тұрған денсаулық сақтау органы шешеді.

- ❖ Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асырушы шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ адамдарға еңбекке жарамсыздық парағы жалпы негізде беріледі.
- ❖ Маусымдық қызметкерлерге, сондай-ақ бас бостандығынан айырмай түзеу жұмыстары түрінде жазасын өтеп жүрген (шартты түрде сотталған немесе шартты түрде босатылған) адамдарға еңбекке жарамдылығын уақытша жоғалта отырып ауырған (жарақаттанған) кезде еңбекке жарамсыздық парағы жалпы тәртіппен беріледі.
- ❖ Бастауыш, орта кәсіптік, жоғары оқу орындарын, аспирантураны бітірген және бөлу тәртібімен жұмысқа жіберілген адамдар еңбекке уақытша жарамсыз болған жағдайда, еңбекке жарамсыздық парағы жұмысқа келу белгіленген күннен бастап беріледі.

❖ Протездеу үшін еңбекке жарамсыздық парағын науқас протездеу-ортопедиялық орталығының (кәсіпорынының) стационарына жатқызылғанда ғана, стационардың дәрігері бас дәрігермен бірлесіп, науқас стационардан шыққан кезде бүкіл жатқан кезеңге, барып-қайту жолына кеткен уақытқа береді, бірақ ол 30 күннен аспауы тиіс.

❖ Жылдық еңбек демалысы уақытында еңбекке жарамсыздық парағы жалпы тәртіппен беріледі.

❖ Оқушылар оқудан бос уақытында жұмыс істейтін болса, еңбекке жарамсыздық парағын оларға медициналық көмек көрсететін емдеу-алдын алу ұйымдары жалпы тәртіппен береді.

❖ Өндірістік практикадан өту кезеңінде ақы төленетін жұмыс орындарына алынған жоғары оқу орындарының студенттеріне, орта кәсіптік оқу орындарының, училищелердің оқушыларына оларда сырқаттануына, жарақат алуына, жүктілігі мен босануы бойынша демалысқа шығуына байланысты еңбекке жарамсыздық пайда болған кезде еңбекке уақытша жарамсыздық парағы еңбекке жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне, бірақ өндірістік практиканың немесе жұмыстың аяқталу күнінен ұзақ емес уақытқа беріледі.

❖ Еңбекке уақытша жарамсыздық тұрақты тұратын жерінен және жұмыс орынынан тыс жерде (іссапар уақытында, демалыс үйінде және т.б.) басталған адамдарға еңбекке жарамсыздық парақтары олардың уақытша болу орындарында жергілікті емдеу-алдын алу ұйымының бас дәрігерінің бекітуімен беріледі.

- ❖ Тұрақты тұратын немесе жұмыс істейтін жерінде еңбекке жарамсыздық парағын алған науқасқа, осы парак басқа жерде тек еңбекке жарамсыздық парағын берген емдеу орынының сыртқа шығуға болатындығы туралы қорытындысы болғанда ғана ұзартылады. Бұл қорытындыны ДКК, ал ол жоқ болған жағдайда - емдеуші дәрігер бас дәрігермен бірлесіп береді.
- ❖ . Республикаға уақытша келген (демалыс, іссапар және т.б.) шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға сырқаттанған, жарақат алған жағдайда еңбекке жарамсыздық парағы берілмейді.
- ❖ Еңбекке жарамсыздық парағын:
 - асқынудан тыс созылмалы сырқаты бар науқастарға;
 - сырқатының ауырлығы бойынша стационарға жатқызылуға тиіс, бірақ одан науқастың өзі немесе оның отбасы бас тартқан науқасқа;
 - бөбекханаға, балабақшаға, баланың өзіне және т.б. карантин қойылған жағдайда дені сау балаларға;
 - жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген адамға беруге болмайды.

Жүктілігі және босануы бойынша еңбекке жарамсыздық парақтарын беру

- ❖ Жүктілігі және босануы бойынша еңбекке жарамсыздық парағы әйелдерге жүктілігі және босануы жөніндегі бүкіл демалысқа; тікелей перзентханадан бала асырап алған адамдарға асырап алған күннен бастап нәрестенің туылған күнінен елу алты күн өткенге дейінгі кезеңге беріледі.
- ❖ Жүктілігі және босануы бойынша еңбекке жарамсыздық парағын акушер-гинеколог дәрігер, ал ол жоқ болған жағдайда қабылдау жүргізетін дәрігер бөлімшенің меңгерушісімен (бас дәрігермен) бірлесіп, босанғанға дейін ұзақтығы 30 аптадан бастап жетпіс күнтізбелік күн және босанғаннан кейін елу алты күн (босану қиындықты болған немесе екі және одан да көп бала туған жағдайда - босанғ. **Жүктілігі және босануы бойынша еңбекке жарамсыздық парақтарын беру** аннан кейін жетпіс күнтізбелік күн) мерзімге береді.

❖ Ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарда тұратын әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша еңбекке жарамсыздық парағы қалыпты босану кезінде жүктіліктің 27 аптасынан бастап ұзақтығы 170 күнтізбелік күнге және босану қиындықты болған немесе екі және одан да көп бала туған жағдайда - 184 күнге беріледі.

Жүктілігі және босануы бойынша демалыс кезеңінде тұрақты тұратын орынынан кеткен әйелдерге еңбекке жарамсыздық парағы босанған жердегі емдеу ұйымында ұзартылады.

❖ Әйел нәрестені ол бір жарым жасқа келгенше күту жөніндегі жалақысы сақталмайтын қосымша демалыста жүрген кезеңде жүкті болған жағдайда еңбекке жарамсыздық парағы осы Ережеде көзделген жүктілігі және босануы бойынша берілетін демалыстың барлық күндеріне беріледі. Нәрестені күту жөніндегі жалақысы сақталмайтын қосымша демалыста жүрген адамдар жаңа туған нәрестені тікелей перзентханадан асырап алған жағдайда, еңбекке жарамсыздық парағы асырап алған күннен бастап нәрестенің туған күнінен елу алты күн өткенге дейінгі кезеңге беріледі.

❖ Жүктілікті жасанды түрде тоқтату операциясы (аборт) жасалған кезде еңбекке жарамсыздық парағын емдеуші дәрігер бөлімшенің меңгерушісімен бірлесіп операция жасалған емдеу ұйымында болған 3 күнге береді, ал асқынған жағдайда еңбекке жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне беріледі, оған жүктіліктің ерте мерзімінде вакуумдық аспирация әдісімен жасалған операция қосылмайды. Бұл жағдайда еңбекке жарамсыздық парағы операция жасалған күнге, ал еңбекке жарамдылығын жоғалта отырып, асқыну пайда болған жағдайда - жалпы тәртіппен беріледі.

Түсік тастаған кезде еңбекке уақытша жарамсыздық парағы жалпы негізде беріледі.

❖ Эмбрионды көшіріп салу операциясы жасалған кезде еңбекке жарамсыздық парағын операция жасаған емдеу-алдын алу ұйымы әйелдің ауруханаға жатқызылған күнінен бастап жүктіліктің анықталу фактісіне дейін береді.

Баланы (мүгедек баланы) күту бойынша еңбекке

жарамсыздық парақтарын беру

- ❖ 14 жасқа толмаған науқас баланы күту бойынша еңбекке жарамсыздық парағы беріледі және ол күтімді қажет ететін, алайда жалпы ережелер бойынша 10 күнтізбелік күннен аспайтын кезеңге ұзартылады.

Тұрақты тұратын орынынан басқа жерде анасымен немесе отбасының басқа мүшесімен бірге болған бала сырқаттанған жағдайда, науқас баланы күту бойынша еңбекке жарамсыздық парағы басқа жердің тұрғыны ретінде (бас дәрігердің қолы қойылып) беріледі.

Егер еңбекке жарамсыздық парағынсыз жұмыстан босатылған кезеңде балада бұрынғы сырқатпен байланысты басқа сырқат пайда болса, күту бойынша еңбекке жарамсыздықтың жаңа парағы беріледі. Еңбекке жарамсыздық парағы жабылғаннан кейін балада асқыну пайда болған жағдайда, және егер еңбекке жарамсыздық парағының мерзімі бітпесе, қалған күндерге (10 күнге дейін) еңбекке уақытша жарамсыздық парағы беріледі.

❖ Отбасында бір мезгілде екі не одан да көп бала сырқаттанған жағдайда, оларды күту бойынша бір еңбекке жарамсыздық парағы беріледі. Егер бір баланың сырқаттануы кезеңінде басқа бала сырқаттанса, оны күту бойынша еңбекке жарамсыздық парағы тек бірінші парак жабылғаннан кейін және бала күтімді қажет ететін, алайда екінші бала сырқаттанған күннен бастап 10 күннен аспайтын кезеңге беріледі.

Егер екінші бала бірінші баланы күту бойынша еңбекке жарамсыздық парағы берілген кезеңде сырқаттанса, еңбекке жарамсыздықтың жаңа парағы беріледі.

❖ Дәрігердің қорытындысы бойынша күтімді қажет ететін баланы стационарда емдеу кезінде күту бойынша еңбекке жарамсыздық парағы ата-анасының біріне немесе оны күтуші адамға:

❖ 3 жасқа дейінгі баланы емдеу кезінде - баланың стационарда болған бүкіл кезеңіне;

3 жастан асқан қатты науқастанған балаларды емдеу кезінде - дәрігердің қорытындысы бойынша бала осындай күтімді қажет ететін мерзімге;

адамның иммундық тапшылығы вирусын жұқтырған (СПИД ауруы) 14 жасқа дейінгі балаларды емдеу кезінде - бала стационарда болған бүкіл кезеңге беріледі.

Егер бала стационардан шыққаннан кейін күтімді қажет етсе және стационарға жатқызылғанға дейін оны күту үшін жұмыстан босату жүргізілмесе, тұратын жері бойынша емдеу-алдын алу ұйымы 10 күнге дейінгі кезеңге еңбекке жарамсыздық парағын береді. Егер стационарға дейін осы сырқат бойынша еңбекке жарамсыздық парағы берілген болса, онда еңбекке жарамсыздық парағы қалған күндерге (10 күнге дейін) беріледі.

❖ 3 жасқа дейінгі баланы немесе 16 жасқа дейінгі мүгедек баланы күтуді жүзеге асыратын шешесінің (әкесінің) немесе басқа адамның стационарлық емделуі жағдайында осы баланы күту бойынша еңбекке жарамсыздық парағы, осы баланы іс жүзінде күтуді жүзеге асырған жұмыс істейтін кез келген басқа адамға, шешесі (әкесі) стационарда болған, алайда 30 күннен аспайтын мерзімге шешесінің (әкесінің) емделу орыны бойынша беріледі.

3 жасқа дейінгі баланы (16 жасқа дейінгі мүгедек баланы) күтуші шешесі (әкесі, басқа адам) стационардағы басқа баланы күту қажеттігіне байланысты ауруханаға жатқызылса, 3 жасқа дейінгі баланы (16 жасқа дейінгі мүгедек баланы) күту бойынша еңбекке жарамсыздық парағы шешесі сырқаттанғанда берілетін тәртіппен беріледі.

жарамсыздық

парақтарын беру

- ❖ Жұқпалы аурулармен сырқаттанған ауырған науқастармен қарым-қатынаста болған адамдарды немесе бактерия тасушылығы салдарынан жұмыстан шеттету туралы еңбекке жарамсыздық парағын эпидемиолог-дәрігердің ұсынуы бойынша инфекционист-дәрігер немесе емдеуші дәрігер береді. Мұндай жағдайларда жұмыстан шеттетудің ұзақтығы жұқпалы аурулармен сырқаттанған және олармен қарым-қатынаста болған адамдарды оқшаулаудың бекітілген мерзімдерімен анықталады.

Еңбекке жарамсыздық парақтарын толтырудың және берудің ережелері

- ❖ Еңбекке жарамсыздық парағы мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылады.
- ❖ Еңбекке жарамсыздық парағын берген емдеу-алдын алу ұйымында оның бет жағы толтырылады. Парақтың сыртқы бетіне белгі соғу жәрдемақыны тағайындау, есептеу және төлеу кезінде жүргізіледі.
Парақтың беткі жағындағы "Еңбекке жарамсыздық парағы" деген атаудың астында тиісінше не "Алғашқы" сөзінің, не "Жалғасы" сөзінің асты сызылады. Содан соң емдеу ұйымының атауы мен мекен-жайы, парақтың берілген күні, пациенттің тегі, есімі, әкесінің аты, лауазымы және жұмыс орыны көрсетіледі және емдеу ұйымының мөрі қойылады.
- ❖ "Еңбекке жарамсыздық түрі" деген бағанда еңбекке жарамсыздық парағының сырқаттануға, өндірістегі немесе тұрмыстағы қайғылы оқиғаға, карантинге, науқас баланы күту бойынша, протездеуге, жүктілігіне және босануына, балаларды асырап алуға байланысты берілгендігі көрсетіледі.



Егер еңбекке жарамсыздық парағы жүктілігіне байланысты берілсе - босанған күні; асырап алуына байланысты - баланың туған күні; науқас баланы күту бойынша - баланың туған күні мен жылы көрсетіледі.

"Режим" бағанында науқасқа тағайындалған режим (жатып емделу, амбулаториялық, ауруханалық және т.б.) көрсетіледі. Дәрігер тағайындаған режимді бұзу: ішімдік ішу, ұйғарылған емді орындамау, науқастың дәрігерге куәландыруға көрсетілген мерзімде келмеуі, дәрігердің рұқсатынсыз басқа жерге кетіп қалуы және басқа жағдайлар міндетті түрде көрсетіледі.

Егер науқас еңбектегі мертігуге, туберкулез сырқатына немесе кәсіптік ауруға байланысты басқа жұмысқа уақытша ауыстырылса, онда осы үшін бөлінген бағанда ауыстырудың қай уақыттан және қай уақыт бойынша жүзеге асырылғандығы көрсетіледі және бас дәрігердің қолы қойылады. Көрсетілген басқа жұмысқа уақытша ауыстырудың бүкіл мерзіміне еңбекке жарамсыздық парағының жалғасы беріледі.



Науқас ауыстыру мерзімі аяқталғаннан кейін еңбекке жарамсыз күйінде қалған жағдайда уақытша жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейінгі күннен бастап еңбекке уақытша жарамсыздық парағының жаңа жалғасы беріледі.

Тиісті бағандарда стационарлық емдеудің мерзімдері туралы, МӘСК-ге жіберу күні туралы және МӘСК-тің қорытындысы туралы белгілер соғылады.

"Жұмыстан босатылу" деген бөлімдегі "Қай күннен" деген баған цифрмен толтырылады, ал "Қосып айтқанда қай күнге дейін" деген баған - жазумен (күні де, айы да) жазылады. Осы бөлімнің әрбір жолында дәрігердің лауазымы, тегі мен инициалдары анық көрсетіледі, сонан соң қолы қойылады.

"Жұмысқа кірісу" деген жол жазумен (күні және айы) толтырылады немесе еңбекке жарамсыздық парағы жалғасының номері көрсетіледі.

Ескерту: 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 513 бұйрығымен.

❖ Түзетуді қате жазылған жазуды сызып тастап, үстіне дұрыс жаза отырып енгізуге болады. Түзету төмендегі ашық шетте дәрігердің қолы қойылып, мөрмен расталып түсіндіріледі.

Емдеу ұйымының мөрі еңбекке уақытша жарамсыздық парағы ашылған кезде бірінші бөлімінде үстіңгі оң жағына және жұмысқа шығар кезде немесе жалғасын берген кезде төменгі жағына басылады.

❖ Еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарының бәрі еңбекке уақытша жарамсыз адамдарға еңбекке жарамсыздық парақтарының бланкілері бойынша есептілікке арналған құжат болып табылатын түбіртектерге қолы қойылып беріледі.

❖ Берілген еңбекке жарамсыздық парақтарының есебі еңбекке жарамсыздық парақтарын тіркеу кітабында жүргізіледі.

❖ Еңбекке жарамсыздық парақтарының бүлінген және қажет етілмеген бланкілерін оларды берген дәрігерлер (фельдшерлер) мынадай тәртіппен есептен шығарады: бланк айқыш сызылады және ірі әріптермен "бүлінген" немесе "есептен шығарылған" деген жазу жазылады, ал сонан соң жауапты адамға өткізіледі.

- ❖ ~~Бланкілердің түбіртектері, бүлінген және қажет етілмеген бланкілер емдеу-алдын алу ұйымында екі жыл бойы сақталады, ал сонан соң басшының бұйрығының негізінде жойылады.~~
Жойылғандығы туралы кесім 10 жыл сақталады.
- ❖ Еңбекке жарамсыздық парағы жоғалған жағдайда жоғалған еңбекке жарамсыздық парағы бойынша жәрдемақының төленбегендігі туралы жұмыс орнынан анықтама ұсынылғаннан кейін паракты берген емдеу-алдын алу ұйымының көшірмесі беріледі. Көшірменің беткі жағында жоғарыда "Көшірме" деген белгі соғылады.
- ❖ Еңбекке жарамсыздық парағын ұзартуды және беруді бас дәрігердің бекітуімен немесе онымен бірлесіп емдеуші дәрігер жүргізуі керек болған жағдайларда, паракқа екі дәрігер де қол қоюы тиіс.
- ❖ Тағайындалған күні дәрігердің қабылдауына келмеген науқасқа еңбекке жарамсыздық парағы тек дәрігерге жүгінген күннен бастап ұзартылады, өтіп кеткен күндер есепке алынбайды, еңбекке уақытша жарамсыздық парағында режимнің бұзылғандығы туралы белгі соғылады.

- ❖ Еңбекке жарамсыздық жалғасқан қажетті жағдайларда, дәрігер пациентке еңбекке жарамсыздық парағының "жалғасын", еңбекке жарамсыздықтың бастапқы парағындағы "Жұмысқа кірісу" деген бағанда осы туралы белгі соға отырып, бере алады.
- ❖ Емдеу-алдын алу ұйымдары өзінің жоғары тұрған денсаулық сақтау органына бланкілердің ұрлануы мен жоғалуының барлық жағдайлары туралы олардың сериялары мен номерлерін көрсете отырып, хабарлауға міндетті.

Дәрігерлердің жауапкершілігі және олардың

іс-әрекеттері жөнінде шағымдану

- ❖ Еңбекке жарамсыздық парағын негізсіз бергені немесе оны беруден бас тартқаны, сондай-ақ оны дұрыс ресімдемегені үшін беру құқығы берілген дәрігерлер, орта медициналық қызметкерлер қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Еңбекке жарамдылықты сараптау, еңбекке жарамсыздық парақтарын беру, ұзарту, жабу, сондай-ақ сақтау және есепке алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі үшін жауапкершілік барлық деңгейдегі денсаулық сақтау органдарының басшыларына, емдеу-алдын алу ұйымдарының бас дәрігерлеріне, ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми орталықтардың директорларына, жеке медициналық практикамен айналысатын ұйымдардың басшыларына жүктеледі.

● Азаматтардың еңбекке жарамдылықты сарантау, еңбекке жарамсыздық парақтарын беру, ұзарту және жабу мәселелері жөніндегі дәрігерлердің іс-әрекеттеріне шағымдарын емдеу-алдын алу ұйымының бас дәрігері, олардың шешімін бас дәрігер бекітетін ДКК немесе арнайы құрылған комиссия қарайды. Бұл шешіммен науқас келіспеген жағдайда, оның шағымын жоғары тұрған денсаулық сақтау органы қарайды. Азаматтар дәрігерлердің әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасай алады.

● *Ескерту. Үлгілерді қағаз мәтіннен қараңыз.*

● Қосымша

● *Ескерту: Қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 513 бұйрығымен.*

0000000

– лист временной нетрудоспособности
Алғашқы – жалғасы-первичный - продолжение

- Дәрігер _____
толтырады _____ (еңбекке уақытша жарамсыз адамның тегі аты _____ (дәрігердің
тегі _____
да емдеу және әкесінің аты - фамилия, имя и отчество _____ – фамилия врача)
врачом и _____ временно нетрудоспособного)
остаётся _____
в лечебном _____ (мекен жайы - домашний адрес)
мекемесінде _____ Ауру тарихының №
қалдырады - _____ (қызмет орны - кәсіпорыныңының мекеменің атауы – № истории
болезни _____
Заполняется _____ место работы - наименование предприятия или
_____ учреждения _____ учреждения)
Берілді _____ 20__ ж. _____
Выдан (күні, айы, жылы - число, месяц, год) _____ (алушының қолы -
_____ расписка получателя)

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы - лист временной нетрудоспособности Алғашқы парақтың жалғасы /первичный – продолжение листка №

_____ |Емдеу мекемесінің|
(емдеу мекемесінің атауы және мекен жайы |мөрі - печать |
- наименование и адрес лечебного учреждения) |лечебного учреж- |
|_____ деня |
Емдеу Берілді _____ ж. _____ 20____
мекеме- Выдан күні, айы - число, месяц г. ХАЖ-10
сінің _____ Жасы _____
дәрігері (еңбекке уақытша жарамсыз адамның Возраст |Ер-Муж Әйел-Жен |
толтырады – тегі, аты, әкесінің аты - фамилия, (толық жасы |тиістісінің асты |
заполня- имя, отчество временно - полных лет)|сызылсын - соотв- |
ется нетрудоспособного) |етствующее под- |
врачом |_____ черкнуть |
лечебно- _____
го учре- (қызмет орны кәсіпорынның не мекеменің атауы,
ждения лауазымы – место работы наименование предприятия или
учреждения, должность)

Код МКБ - 10 Қорытынды ХАЖ - 10 - Заключительный Код МКБ-10

(қазақ не орыс тілінде – на казахском или русском языке)

Еңбекке уақытша жарамсыздықтың түрі көрсетілсін (сырқаттану, жарақаттар мен уланулар, жүктілікті жасанды үзу, нәрестені асырап алу, карантин, ауруды күту, санаторий-курортта емделу, босану алдындағы не босанудан кейінгі демалыс). Указать вид временной нетрудоспособности (заболевание, травмы и отравления, искусственное прерывание беременности, усыновление/удочерение ребенка, карантин, уход за больным, сан-кур.лечение, дородовой или послеродовой отпуск)

Ауруды күтуге демалыс берілсе, аурудың жасы, диагнозы ХАЖ –10 бойынша көрсетілсін, карантин себепті демалыс берілсе, карантинді тудырған ауру ХАЖ-10 аталып көрсетілсін.

При отпуске по уходу указать возраст больного и диагноз по МКБ-10, при отпуске по карантину указать название заболевания по МКБ-10, вызвавшего карантин

Санаторий-курортта емделетін болса, жолдама мерзімінің басталатын және бітетін уақыты көрсетілсін.

При сан-кур.лечении указать дату начала и окончания срока путевки

● |Түзім/Режим Түзімді ушылық туралы белгі/Отметки о нарушении режима

Дәрігердің қолы/Подпись врача

Стационарда болды / Находился в стационаре |МӘС бөліміне жіберілді /
20 ____ ж. ____ 20 ____ ж. ____ дейін |Направлен в отдел МСЭ 20__ ж.
с ____ 20 ____ г. по ____ 20 ____ г. | ____ 20 ____ г.

Уақытша басқа жұмысқа ауыстырылсын / |Дәрігердің қолы /Подпись
врача

Перевести временно на другую работу с |_____
20 ____ ж. ____ ден 20 ____ ж. ____ дейін |МӘС –тің қарауынан өткен /
20 ____ г. по ____ 20 ____ г. |Освидетельствован во МСЭ 20__ ж.

Бас дәрігердің қолы / | ____ 20 ____ г. МӘС бөлімінің

Подпись главного врача _____ |қорытындысы /Заключение
отдела

МСЭ _____
МӘС бөлімі бастығының қолы
Подпись начальника отдела МСЭ

|МӘС-тің мөрі-Печать МСЭ|